



ҚАУЛЫ

12 қараша 2018 ж

Күршім ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 476

село Курчум

Күршім ауданы бойынша 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

«Шығыс Қазақстан облысы Өділет департаментінің Күршім аудандық өділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі
Нормативтік құқықтық акт 2018 жылғы 14 қараша
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 514182 болып енгізілді

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 - бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Күршім ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 наурыздағы «Күршім ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» № 77 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5565 болып тіркелген, 2018 жылдың 3 сәуірінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. «Күршім ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

000580

4) ресми жарияланғаннан кейін осы әкімдік қаулысын Күршім ауданы әкімдігінің интернет - ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ.Әзімбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

Д.Қажанов





Күршім ауданы әкімдігінің
2018 жылғы «22»
№ қаулысына қосымша

Күршім ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Ұйымның атауы	Тәрбиеленушілердің саны (адам)			Бір айда тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың мөлшері, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырыстың жалпы көлемі, теңге		Бір айға арналған ата-ана төлемақысының мөлшері, теңге	
		Барлығы	оның ішінде		оның ішінде		оның ішінде	
			Толық күн болатын	Толық емес күн болатын	Толық күн болатын	Толық емес күн болатын	3 жас дейін	3 жас пен 6 жас дейін
1	Күршім ауылындағы "Болашақ" балабақшасы	140	140	0	26567	0	8300	8800
2	Теректі ауылындағы балабақша	20	20	0	16416	0	8300	8800
3	Күршім ауылындағы балабақша	15	15	0	32200	0	8300	8800
4	Қалжыр орта мектебі жанындағы шағын орталық	75	75	0	9447	0	4500	5000
5	Қаратоғай орта мектебі жанындағы шағын орталық	25	25	0	13273	0	4500	5000

	Қарой негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	25	25	0	12113	0	4500	5000
7	Теректібұлақ орта мектебі жанындағы шағын орталық	25	25	0	10276	0	4500	5000
8	Үшбұлақ негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	25	25	0	12030	0	4500	5000
9	Құйған орта мектебі жанындағы шағын орталық	25	25	0	27753	0	4500	5000
10	Барак батыр негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	25	25	0	16143	0	4500	5000
11	Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия жанындағы шағын орталық	50	50	0	13600	0	4500	5000
12	Ақбұлақ негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	20	20	0	17445	0	4500	5000
13	Қайыңды негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	20	20	0	14117	0	4500	5000
14	Қарашілік негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	20	20	0	15304	0	4500	5000
15	Ақсуат негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	25	25	0	19162	0	4500	5000
16	Жанаауыл негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	20	20	0	17304	0	4500	5000
17	Ж.Малдыбаев атындағы негізгі орта мектебі жанындағы шағын орталық	20	20	0	13087	0	4500	5000
	Жиыны	575	575	0				